

## ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ ЭМОТИВТІ ЛЕКСИКАНЫҢ РӨЛІ: ЭМОТИВТІ- КОГНИТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК

\*Оспанова Д.Ж.<sup>1</sup>, Сағидолда Г.<sup>2</sup>, Новрузова Н.<sup>3</sup>

\*<sup>1</sup>докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан, e-mail: dana.zhanabekkyzy@gmail.com

<sup>2</sup>ф.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан, e-mail: asem963@mail.ru

<sup>3</sup>ф.ғ.д., Баку Славян университеті, Баку, Әзербайжан  
e-mail: n.nurida@yahoo.com

**Аңдатпа.** Күнделікті өмірде, тілдік қатынас кезінде эмоцияны білдіру үшін жиі қолданылатын тіл элементтерін дұрыс меңгеру нәтижеге жетуде маңызды рөл атқарады. Одағай, фразеологиялық тіркестер, қаратпа сөз, қос сөздер сынды эмоцияны айшықтайтын элементтер мен контекстегі эмотивтер тілдің, ұлт мәдениетін бейнелей отырып, айтылымға белгілі күш қосады, қатынасқа жанды әсер береді. Осындай элементтерді өзге тіл өкілдерінің үйрене алмауы айтушының мақсатты ойын түсінікті жеткізуде қиындықтар тудырады. Осыған орай, тілдік қарым-қатынас кезінде тіл үйренушінің эмоциялық күйге сай сөз немесе сөз топтарын қолдану арқылы кімге қалай әсер ететіндігінің маңызы ортаға шығады. Осы бағытта жазылған зерттеулер мен тіл үйретуге арналған құралдарды саралау барысында тілді үйретуде психологиялық көзқарастардың, тіл үйренушінің эмоционалды қабылдау ерекшеліктерін, әр тілдің эмотивті реңін тіл үйретуге ұтымды пайдаланудың тиімділігін байқадық. Тәжірибе алу мақсатында тіл үйрету құралдарын құрастыруда көбіне негізге алынып жүрген әрі өз жүйесі жағынан үлгіге айналған тұратын орыс, ағылшын тілдерінің ғана емес, қазірде әлем бойынша көп басымдық беріліп жатқан түрік тілін үйрету құралдарына мән берілді. Яғни зерттеу нысанымызға түрік тілінің дәріс кітаптары мен қазақ тілін үйретуге арналған құралдар алынды. Зерттеу жұмысымыздың мақсаты да эмоцияның, эмотивті лексиканың тілді шет тілі ретінде үйретуде атқарар рөлін анықтап, оның теориялық мәнін ашу, сөздердің эмотивті әлеуетін, эмоционалды интеллектінің рөлін көрсету болып табылады. Ол үшін тіл үйретуге арналған құралдардағы эмотивтерді топтастыра отырып, қолданыс жиілігі, екі тіл арасындағы ұқсастықтар, деңгейаралық байланыстар, лексикалық сипатын анықтау қажет деп санадық. Сол арқылы қазақ тілін үйретудің де өзге тілдер практикасы бойынша тез әрі оңай қабылданатын жолдары мен эмотивтілікке мән берудің маңызы жөнінде тұжырымдар мен талдау нәтижелеріне қол жеткізілді. Сондай-ақ эмоционалды зиятты қазіргі педагогтер мен тіл үйренушілердің бір компоненті ретінде қарастырып, жеке тұлғаның дамуында жетістіктердің тек оның өмір тәжірибесі, білімі, дағды-қабілеттеріне ғана емес, эмоционалды зият деңгейіне де тікелей байланысты екендігі дәлелденді.

**Тірек сөздер:** эмоция, эмотивті сөздер, қазақ тілі шет тілі ретінде, әдістеме, түркі тілдері, эмотивті-когнитивті құзыреттілік, лексика, тіл үйрету.

### Негізгі ережелер

Қазіргі педагогикада тұлғаны тану, тіл үйрету мәселелерінде антропоцентристік бағыттағы технологиялар мен модельдердің тиімділігі арта түсті. Соның ішінде адамның ойлау жүйесі, тұлғалық ерекшелігі, мәдениеті, ұлты сынды факторларды ескере отырып тіл үйрету отандық және шетелдік тіл

үйрету методикасында басты назарда алынып келеді. Осы бағыттағы тіл үйрету құралдары, жұмыс дәптерлері, практикасы, тіл үйретудің жаңа технологиялары, контент, лексикалық минимумдарда эмотивтердің тілдік қарым-қатынаста тиімді рөл атқаратыны ескерілген. Оның соңғы онжылдықта қалыптасып үлгерген теориялық негіздері тіл үйретудегі эмотивті лексиканы саралап, сол арқылы қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың тиімді жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді.

### **Кіріспе**

XX ғасырдағы тіл білімі негізінен тілдің референциалды қызметін және лингвистикалық кодты зерттеумен айналысты, яғни тіл дәлелді ақпаратпен жұмыс жасауға арналған логикалық әрі абстрактілі құрал саналды. Ал тілдегі эмоция, тілдің эмоцияға тәуелділігі назардан тыс қалды. Эмоциялар кез келген қатынастың маңызды құрамдас бөлігіне жатады және тілдің барлық деңгейіне, дискурстың әрбір жүйесіне енеді. Осы көңіл күйі мен жан күйінің барлығы дерлік тілімізде түрлі дәрежеде көрініс табады. Сондықтан эмоциялар мен сезімдер физиологтар мен психологтардың ғана емес, тілтанушылардың да бұл бағытты терең зерттеуін қажет етеді. Әртүрлі мәдениет өкілдерінің сөйленісі, мәтіндер кодтардың күрделі жүйесі арқылы дешифрленеді. Зерттеу жұмысында эмоционалдық қатынас пен жай-күйді түсіндірудің (сипаттаудың) тілдік тәсілдеріне назар аударып, олардың түркі тілдері аясындағы мәнін, реңін ашпақпыз. Тілді басқа ғылыми парадигмалармен байланыстыра зерттеу әртүрлі лингвомәдени кеңістіктегі адамның эмоционалды мінез-құлқын тану құралын табуға жол ашады.

Эмотивті сөз – лингвистикалық ұғым. Тұлғаның эмоционалды зияты мен қабілеттерінің дамытуда психологиялық және лингвистикалық құралдар басты рөл атқарады. Тіл үйренуші төрт сөйлеу дағдысы арқылы тілді меңгерсе, сол үдеріс барысында жаңадан үйренген сөздердің сөйлесім, оқылым, тыңдалым, жазылымда эмотивті қызметін ашылады. Сәйкесінше тіл үйренушіге әрбір сөзді өз көңіл күйіне, сезіміне сай эмотивті бояулы сөзді талғап қолдануды, оны жадында активтендіруді игереді.

Дидактикалық және педагогикалық тұрғыдан тіл үйренуші тұлғаның эмотивті лексиканы дұрыс қолдану және қабылдауының ерекше маңызы мен рөлі соңғы кездері қолға алынып, жекелеген зерттеулерге арқау болып келеді. Оның себебі де жаңа антропоцентристік бағыттың қарқынды етек алуы мен қазіргі әлемдегі мәдениеттер тоғысындағы қарым-қатынас өзектілігімен байланысты деп ойлаймыз. Салыстырар болсақ, мәселен, XXI ғасырға дейінгі кезеңдерде қоғамдық қарым-қатынас аймағы, шекарасы белгілі халықтың көпшілігінде шектеулі немесе тұрақты болды десек, жаңа ғасырдағы білім мен ғылымның, өркениеттің дамуымен ұлтаралық және халықаралық байланыстар күшейе түсті. Шетелге оқуға түсу, қоныс аудару немесе отанына оралу, сондай-ақ тіл үйрену, тіпті саяхатқа шығу, халықаралық емтихандар тапсыру, өзге елмен танысу арқылы білім көкжиегін кеңейту сынды құндылықтар алға қойыла бастады. Соның ұшқыны тұлғааралық қарым-қатынаста ойды, эмоцияны дұрыс

түсіндіру және айтушы сөзін түсіну дағдысының қажеттігіне әкелді. Ол, әрине, тек өзге ұлт не халық өкілі арасында емес, бір елдің өзге өңірлерінен жиналған студенттердің, тіл үйренушілердің арасында да өзекті.

Зерттеу мақаламыздың мақсаты – тұлға қалыптасуындағы, тіл үйренудегі эмоцияның орны мен рөлін анықтау, эмоцияны зерттеудің педагогикалық және лингводидактикалық негіздерін саралай отырып, тіл үйретуге арналған қазақтілді және шеттілді құралдардағы эмоцияның (эмотивтердің қолданылуы) берілуін талдап, сипаттау.

Эмоцияны (ішкі ойды) білдіру және оны қабылдау, эмотивті коммуникация – жан-жақсы зерделенетін көп қырлы әрі тұлғалық, ұлттық-мәдени ерекшелігі мол үдеріс. Сондықтан тілдік қатынас кезіндегі сөздердің эмотивті бояу алуы, эмоцияның берілу жолдары, қабылдану ерекшеліктері, эмоцияны бейнелеудің паралингвистикалық және кинесикалық жолдары, сондай-ақ оқушылардың эмотивті коммуникация құру дағдысын қалыптастыру жолдары айқындалуы тиіс. Сол арқылы тіл білімінде, педагогикада эмотивтілік ұғымының мәні ашылмақ.

Осы тұрғыдан білім алушылардың тілдегі эмотивті лексиканы түсінуі олардың тұлға ретінде өзгелермен қарым-қатынас жасау қабілетіне, ойлау, өз ойын, сезімін дұрыс жеткізу, сол бағытта сөз таңдай білу, өз эмоциясын басқара білу дағдылары өмірлік әдетке не қалыпқа айналатын нәрсе деп айта аламыз. Сол бағытта әдіскер, психологтар студенттердің шет тілінде мәтіндерді түсінудің ең тиімді жолдарын іздеу ісі әлі де қарқынды жалғасуда.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру үшін ғалым Л.С.Выготский, Г.П.Щедровицкий; А.Н.Леонтьев, В.Шаховский, А.Вежбицкая, В.Н. Мясичев, У.Джемс, В.Г.Пинигин, С.Чернышев, В.С.Меськов, А.А.Мамченко және қазақ ғалымдары Ғ.Иманалиева, Қ.Жарықбаев Г.О. Әбдікєрова сынды ғалымдардың психологиялық, педагогикалық және лингводидактикалық бағыттағы ғылыми еңбектері мен ой-пікірлері негізге алынды.

Түрік зерттеушісі Хатидже Арсланның (Hatice Arslan) «Türkçenin yabancı dil olarak öğretiminde duyu durumu ifadelerini öğrenilme düzeyleri» (2017) атты жұмысында түрік тілін шет тілі ретінде үйретуде эмоционалды сөздерді үйрету деңгейлерін сөз етіп, түрік тілін үйретуге арналған құралдардағы эмоционалды бірліктерді талдайды. Профессор Ихсан Календероғлының (İhsan Kalenderoğlu) «Türkçenin yabancı dil olarak öğretiminde kullanılan ders kitaplarında duyu bildireni ifadeleri» (қаз.Түрікшенің шет тілі ретінде оқытылуында қолданылатын дәріс кітаптарындағы эмоция білдіретін айтылымдар) (2017) атты зерттеу мақаласы да осы бағыттағы назар аударарлық жұмыстардың бірі [1].

Қазақ және түрік тілдері үйрету әдістемесіндегі эмотивті лексиканың маңыздылығы жөнінде зерделенген еңбектер қатарында түрік ғалымы Шейда Йешилйурттың (Şeyda Yeşilyurt) «Türkçenin yabancı dil olarak öğretiminde duyu durumlarını yansıtan kısa filmlerin oluşturulması ve öğrenci başarısına etkisi»

(2016) докторлық диссертациясы бар. Бұл зерттеу жұмысында түрік тілін шет тілі ретінде үйретуде эмоционалды күйді білдіретін қысқа фильмдердің қолданылуы зерттеріп, олардың тілді тез меңгеруге қосар үлесі дәлелденген. Сондай-ақ ғалым Хаджижаде Найле (Hacizade Naile) өзінің «Bilişsel Dilbilim açısından duyguların dili» (2012) еңбегінде эмоция тілін когнитивті тіл білімі тұрғысынан қарастырған [2; 3].

Орыс ғалымы Д.Г.Коврижкинаның «Роль эмоций в обучении иностранных студентов устной речи» (2014) атты зерттеу мақаласында шетелдік студенттерге ауызша сөйлеу дағдыларын үйретудегі эмоцияның рөлі мен маңызы басты назарға алынып, диалогтік бірлік, репликалық, ситуациялық жаттығулар ұсынылған. Митина Г.В., Нугаева А.Н., Шурухина Г.А. құрастыруымен шығарылған «Психология эмоций и мотивации» (2020) құралында эмоцияны әлеуметтік, психологиялық тұрғыдан зерттеп, адам өміріндегі эмоцияның мәні, эмоцияның классификациясы, жеке тұлғалық ерекшеліктер, эмоциялық күйді зерттеу әдістерін ашады [4].

Жоғарыда аталған психологиялық, педагогикалық бағыттағы еңбектермен қатар қазақ ғалымдары Ғ.Иманалиеваның «Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар» (2011), Қ.Жарықбаевтың «Жантану негіздері» (2002), Ж.Н.Кереймағанбетованың «Эмоционалды интеллекті дамуының алғышарттары» мақаласы, сонымен қатар Н.В.Жутикованың «Учителю о практике психологической помощи» (1988), Л.Исмаилованың «Национально-культурная специфика реализации эмотивной регуляции в коммуникативном дискурсе (на материале азербайджанских фразеологизмов)» (2017) атты кандидаттық диссертациялары қолданылып, Л.С.Выготскийдің «Педагогическая психология» (1990), А.Н. Леонтьевтің «Потребности, мотивы, эмоций» (1983), Е.Е.Шевчиктің «Обучение студентов пониманию эмотивной лексики в процессе чтения художественных текстов: английский язык как дополнительная специальность» (2009), В.Шаховскийдің «Лингвистика эмоций: основные проблемы, результаты и перспективы» (2008), т.б. еңбектер жұмысымыздың теориялық негіздерін ашуға үлес қосты [5; 6]. В.Шаховский өз ғылым жолын осы эмотивті лингвистика ғылымына арнап, оны оқытудың да маңыздылығын талдап, саралайды. Сонда осы эмотивті лексиканы оқытудағы эмотивті және эмоционалды құзыреттілік мәселесіне тоқталып, оларды былай ажыратады: *«Эмоциональная компетенция языковой личности приобретается через жизненный опыт и в реальной коммуникации, а эмотивная компетенция – через научающую и художественную коммуникацию»* [7; 8].

Жұмыста жүйелі-құрылымдық, сипаттамалы әдіс және педагогикалық зерттеу әдістері басшылыққа алынып, қосымша психологиялық талдау, дидактикалық жіктелім амал-тәсілдері қолданылды.

### **Нәтижелер мен талқылаулар**

«Эмотивті құзыретті» тұлғаға біз өзінің де өзгенің де эмоциясын бақылауда ұстай алатын, эмоционалды сөйлеу әрекетіне қатысты түрлі коммуникативті дағдылар мен қабілетке ие, тек қана эмоционалды хабарды жеткізу не

қабылдаудың имплицитті формасын игеріп қана қоймай, сөйлеу сипатында болмаған қатынаста та оң нәтижеге қол жеткізетін адамды жатқызамыз.

Осы орайда педагогикалық зерттеулердің авторлары В.С.Меськов, А.А.Мамченко когнитивті-білімдік құзыреттілікті жалпы «когнитивті субъектінің жоғарғы құндылыққа жетудің өмірлік жолын бағындыру» деп таниды: *«способность когнитивного субъекта пройти жизненный путь в субъектных образовательных средах от обучения на уровне контентов и знаний до обучения на уровне смыслов и метазнаний и далее — на уровне идей и моральных ценностей»* [9]. Яғни осы когнитивті тәсілдеме (подход) өзге тілді сөйлеу әрекетінің адам интеллектімен (ойлау, тану, ақапаратты сақтау және бөлісі құрылымдары мен механизмдері) байланысын көруге мүмкіндік береді.

Педагогикада эмоционалды зият, білім алушының эмоционалды құзыреттілігін қалыптастыру сияқты тұлғалық даму ісінде ерекше мәнге ие амалдар көбіне назардан қалыс қалып жатады. Ал енді жалпы эмотивті қарым-қатынасты үйретудің мынадай амал-тәсілдеріне шолу жасап өтетін болсақ: 1. Коммуникативті амал. 2. Проблемалық оқыту. 3. Case-study тәсілі. 4. Интерактивті амал-тәсілдер. 5. Психотерапиялық әдіс. 6. Түсіндірмелі-иллюстративті тәсіл.

Жоғарыда айтылғандай әрбір тұлғаның эмотивті құзыреттілігі, когнитивті базасы өзі сөйлеген тілде сақталатыны анық. *Ал сол құзыреттілік жаңа тілді меңгеру барысында қалай меңгеріледі? Ол тіл үйретуге арналған құралдарда назарға алына ма?*

Осы сұраққа жауап іздеу мақсатында біз қазақ және түрік тілдерін шет тілі ретінде үйретуге арналған құралдардағы эмоцияны зерттедік. Яғни басты мақсат – тілді шет тілі ретінде оқытуға арналған құралдардағы эмоцияны білдіретін айтылымдардың қолданыс жиілігі мен ерекшеліктерін талдау. Бұл арқылы тіл үйрету құралдарында тұлғаның эмоциялық күйін білдіретін сөздердің деңгейлерге байланысты қолданыс жиілігін және типтерін анықтай аламыз.

Адамдар арасында әңгіменің үзіліссіз жүргізілуі және жанды байланыста эмоцияны білдіретін тілдік бірліктердің рөлі зор екені анық. Күнделікті өмірімізде мереке, мейрам, туған күн, үйлену тойы, әскерден оралу, сәбилі болу, жаңа үй алу сынды адамды бақытты сезімге бөлейтін, ерекше қуандыратын, өлім, айырылу, сәтсіздік сынды көңілсіз жайттар адамдар арасында бір-бірімен бөлісу арқылы күшті байланыс орнап жатады. Осыған сай түрік тілін мақсатты түрде үйренетін өзге ұлт өкілдерінің түрікше байланыс құру кезінде таңғалыс, қуаныш, реніш, қайғы т.б. эмоциялық күйлерінде қолданатын сөз не сөз бірліктері қатынастық және мәдени тұрғыдан да үйренуін қажет етеді. Белгілі эмоциялық күйге не қатынасқа сай эмоциялық жауап, әсерлер берілмеуі мақсатты ойды дұрыс жеткізілмеуі, шатасу, дұрыс түсінбеуге себеп болып жатады. Мысалы: *түрікшеде айтылымда «Oh ya» (рақаттану, қуану сезімі) орнына фонетикалық тұрғыдан ұқсас келетін «Of ya» реніш, жсалығу мәніндегі тілдік бірлік қолданылуы.* Осы бағытта үйреніп жатқан тілдің мәдениетімен енді танысқан тіл үйренушінің сөздердің байланысқа түскендегі әсерлі күшін, олардың эмоциялық деңгейін де түсіне отырып тіл үйренгені маңызды.

Шетелдік тіл үйрету құралдарында тіл үйренушілердің тілдік қатынаста жақсы деңгейде болуы үшін нені және қандай дағдына жетілдіру керектігі басты назарда. Осындай жүйе де бар. Бұл жүйе бойынша әрбір шетелдік тіл үйренушінің тілдегі сөз не сөз топтарын эмоцияны білдіру кезінде қолдануда қателікке ұрынбай өз ішкі ойына, эмоциясына сай сөз таңдау, өзіне бағыттталып айтылған, көрсетілген эмоцияға сай әрекет етуіне ерекше мән беріледі. Мәселен, Сұхбаттасу В1 деңгейінде тіл үйренуші таңғалыс, қуаныш, реніш, алаңдау сынды эмоцияларды тіл арқылы жеткізе алады және соған сай жауап та береді. Функциялық дағды: Берілген тақырыпқа сәйкес өз көзқарасын білдіру: Сезімдер (қуаныш, реніш, жақсы көру, жек көру, ризалық, үміттену, көңілі қалу, қорқыныш, сасу, толқыныс, шүкіршілік), адамгершілік қатынастар (кешірім сұрау, жаны ашу, мейірім).

Тіл үйрету материалдарындағы эмоцияны зерделеу үшін басты назарға тілдің эмотивті әлеуетін көрсететін, ұлттық-мәдени сипатты беретін тіл бірліктері алынды. Әуелі одағайлар – нағыз эмотивті бірліктер. Бұлар ішкі эмоцияны сипаттамайтын, бірден сол күйінде таныту құралдарына жатады. Демек бұлар – эмоцияны дұрыс жеткізудегі тез таңдалатын, сөйлесімде дұрыс қабылдану ықтималдығы жоғары, сөйлемге белгілі күш әсер беретін бірліктер; тұрақты тіркестер: *içi parçalanmak* (жаны ашу, жүрегі елжіреу), *ciğeri yanmak* (реніш, көңілі қалу), *içi içine sığmamak, gözlerinin içi gülmek* (өз ішіне сыймай, көздері күлімдеу, көздері бал-бұл жайнау), *gözünde/burnunda tütmek* (сағыныш), *küplere binmek* (ашулану); мақал-мәтелдер: *duvarı nem insanı gam yıkar* (дуалды ылғал, ал адамды қайғы жығар), *ağacı kurt insanı dert yer* (ағашты құрт, адамды дерт жейді), *öfke ile kalkan zararla oturur* (өкпемен тұрған зарармен отырар), *acele giden ecele gider* (асыққан шайтанның ісі, асыққан адам ажалға барар) сияқты түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдер жағымсыз эмоцияның зиянын көрсетіп, ескерту мәнді ұғым беруі адам тіршілігінде мақалдардың күшін танытады; қос сөздер: эмотивтік тұрғыдан олардың сөйлемге, ауызша сөзге белгілі реңк беретіні анық. Мысалы, *avaz avaz bağırtmak* (қазақша: бақыра-бақыра, қыж-қыж қайнау, ашулану), *hıçkırma hıçkırma ağlatmak* (реніш, қайғы), *tir tir titremek* (дip dip ету), *utana sıkıla* (қысыла қысыла) т.б.. Қазақ тілінде астан-кестенін шығару (ашу), қатты-қатты сөйлеу, өңі сұп-сұр болып кету, сақ-сақ күлу, тырқ-тырқ ету, т.б. Осы сияқты тілдік бірліктер тіл үйренушіге «сөйлесімде» экспрессивті ойды білдіруге, «жазылымда» ойын дәл, әсерлі жеткізуге, «тыңдалымда» айтушының түпкі ойын тез ұғуға, «оқылымда» контекстік мәнді ажыратуға үлкен үлес қосады.

Бүгінгі тіл үйрету құралдарында бұл бірліктерге ерекше бір маңыз берілуі мұндай бірліктердің әр тілде, әр уақыт адам тілдік қатынасында өнімді қолданылуынан, екінші жағынан тілі үйренілген халықтың мәдениеті ішіне ене білуі үшін сіңірілуі керек сөздер қатарында болуынан деп ойлаймыз. Себебі әр тілдің өзіне тән белгілі жағдайларда айтылатын дәстүрлі сөздерге айналған эмоцияны, ішкі тілектерін бейнелейтін сөздері бар. Мысалы, өлім (*başınız sağ olsun*), туу, жақсы хабар (*gözünüz aydın, hayırlı olsun, Allah mesut etsin, bir yastıkta kocayın*).

Қазақ тілін үйретуге арналған құралдар ішінен ересектерге арналған Қазтест оқулықтар кешенін алдық. Себебі ол бүгінде шетел азаматтарының да, мемлекеттік қызметкер, студент, тіпті мектеп оқушыларының да тіл үйрену, дайындық құралдарының алды болып есептеледі. «Қазтест» құралдары үздіксіз білім беру моделі арқылы «Қазақ тілін шетел тілі және екінші тіл ретінде оқыту» әдістемесі негізінде қазақ тілін меңгерудің бес деңгейі бойынша әзірленген. Тіл құралдарындағы грамматикалық материал мен сөздік қордың үйлесімділігі тіл үйренушіні қазақ тілінде сөйлеуге дағдыландырады [10].

Осы оқу-әдістемелік кешеннің А1-А2-В1-В2 деңгейлерінде алғашқы 2 деңгейінде эмотивті лексиканың түрік тілін оқыту құралдарына қарағанда, аз мөлшерде берілгендігін байқаймыз. Әрине, мұнда түрік және қазақ мәдениетіндегі сезімге берілу, ішкі эмоцияны білдіру ұстанымдарымен байланыстылық, айырмашылықтарды көреміз. Дегенмен *эмотивті лексика – өзге тілді үйренушілерге тілдің спецификалық, ұлттық-мәдени ерекшеліктерін көрсететін, тез ұғып алуға мүмкіндік беретін бірден-бір құрал*. Ал енді құралдардағы эмоцияны білдіретін бірліктерді талдау болсақ, А1 деңгейінде негізгі қалып сөздер: *шын жүректен құттықтаймын, оқасы жоқ, кешіріңіз, құтты болсын, алғысым шексіз, ізгі ниетпен, сәттілік*; одағайлардан: «*Ооо*» ғана қолданылыпты. Бұдан басқа эмотивті мәндегі мақал-мәтелдер не тұрақты тіркестер кездеспейді. Қалып сөздер мен одағайларды қосқанда, барлығы 22 эмотивті бірлік бар, оның ішінде қайталанып отыратындары да бар (*қуаныштымын, құтты болсын*). Яғни А1 деңгейіне сай қарапайым лексика беріліп, мақал-мәтелдер назарға алынбағандығын байқадық. Мұнда тіл үйренушіге алғашқы деңгейде кезігер кешенді қиындықтарға байланысты ең оңай лексика берілген деп түйеміз. Ал А2 деңгейінде тілек мәнді тіркестер мен одағайлардан «*қап!*», «*япырмай*» қолданылып, А1 деңгейінде берілген кешірім сұрау, өкініш білдіру, қолдау көрсету, құттықтау мәнді тіркестер қайта берілген (*құтты болсын, кешіріңіз, алғысым шексіз, өкінішке қарай* т.б.) [11, 12]. Эмотивті лексиканың саны – 22. Яғни алдыңғы деңгейге қарағанда аз.

В1-В2 деңгейлерінде мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер саны белгілі мөлшері арта түсіп, контекстік мәнде эмоцияны білдіретін эмотивтердің қолданылуы жиілегенін байқаймыз. Тіл үйренушінің деңгейіне сай негізгі ой-сезімін білдіру, қабылдау, жауап беру сынды үлгілер берілген. Мысалы: *Компьютерің керемет екен!* (Тыныс белгісін қою тапсырмасы); «*Балам, жарайсың, жарадың!*» («Шегенің ізі» әңгімесі), *танысқаным (өте) қуаныштымын; құрбысы дәрекі екен; менің досым пысық; ...сондықтан барғаным өкінбеймін; ұнайды (ұнамайды)* т.б. үлгілер бар. Берілген мысалдарда таңғалыс, қызығу, мақтау, ризашылық, жақтырмау, жігерлену сынды ішкі сезімдерді білдіру модельдерімен қоса, сын есімдердің, етістіктердің «эмотивті қызметі мен әлеуетін» көре аламыз. Айтылған ойымызды дәлелдемек үшін контекстегі эмотивтерден тағы бір мысал келтірейік:

- *Кешіріңіз, апай, сізге сұрақ қойсам бола ма?*
- *«Айналайын, айып етпе, немерем күтіп қалды. Ренжіме.*
- *Оқасы жоқ, сау болыңыз.*

\*\*\*

- *Кешіріңіз, бірер минут уақытыңызды бөле аласыз ба?*
- *Айып етпеңіз. Кешігін барамын.*
- *Оқасы жоқ. Жолыңыздан қалмаңыз [13].*

В1 деңгейінде «қарым-қатынас» тақырыбындағы сабақтарда «ұрысу», «ренжу», «алдау» сынды тұлғаның эмоционалды күйін атау, білдіруге арналған тапсырмалар берілген. Бұл тұста әдіскерлердің қарым-қатынаста эмоцияны дұрыс жеткізу, бағалау, қабылдау процестерінің маңыздылығына мән бергені сөзсіз.

Ақпараттық-танымдық мазмұндағы мәтіндер жиі қолданылған. Тыңдалым бөлімінде сұхбаттар, диалогтер мол, десек те жазба мәтіндер қазақ тіліндегі сөздердің контекстік мәнін, мәдени-ұлттық табиғатын ұғып, сіңіруге дәнекер болады. Эмотивті бояуы мол мәтіндерді қолдану, солармен жаттықтыру – өзге ұлт өкіліне де ұлттық мәдениетті дарытудың тиімді жолы.

Айтылым бөлімінде бірі психолог, бірі емделуші болып сұхбат құру тапсырмасы берілген. Егер осы тапсырмаға эмотивті бірліктер, немесе шаблондар, реніш эмоциясын білдіру және қабылдау процесіне оң ықпал ететін фразеологизм, одағай, мақал т.б. берілсе, тіл үйренушіге де, тіл үйретушіге де оңтайлы тәсіл болады деп ойлаймыз. Сонымен бұл деңгейдегі эмотивтердің жалпы саны – (В1) 45, (В2) 40. Себебі көпшілігі қайталанатын, қарапайым эмотивті лексика қатарында. Топтастырғанда 6-7 топқа бөлер едік.

С деңгейіне келер болсақ, бұл деңгейде сөйлеу мәдениетіне мән беріліп, эмотивті бояулы лексика – ұлттық-мәдени танымдағы тұрақты сөз тіркестері, мақалдар жиі қолданылған. Тіпті анекдоттар берілген. Яғни бұл жоғарыда аталған тұлғаның *эмотивті құзыретін арттыру* бағытында да аса маңызды. Сондай-ақ тілдің эмотивті әлеуетін тану тұрғысынан да тиімді тапсырмалар берілген. Мұнымен қоса «Тілсіз қарым-қатынас» бөлімінде эмоцияның кинесикалық, паралингвистикалық әдістердің берілуі – қазақ ұлтының өзіндік ерекшеліктерін, эмотивті параметрлер мен эмоцияны беру тәсілдерін тіл үйренушіге таныстырады: өкіну, қапалану, ыза болу, кектену, қатты қорқу, менсінбеу, жақтырмау, т.б. эмоцияның соматикалық үлгілері. Дене қимылынан қабағын түю, көзі бақыраю, ернін жымқыру, т.б. қазақ тілінде аталуы және олардың негізгі мәнін түсіндіру мақсаты орындалған. Сондай-ақ бұл деңгейде пікірлерден құралған мәтіндер, сұхбаттар жиі кездесіп отырады. Мұндай тапсырмалар тек методикалық тұрғыдан емес, психологиялық, когнитивті негізбен де байланыстырып, тілдің колоритін көрсетеді.

Енді түрік тілін оқыту құралдарына назар аударар болсақ, *Yedi İklim Türkçe* атты тіл үйрету кешенді құралында деңгейлерге сай эмоциялық тілдік бірліктердің қолданылуы (А1-А2-В1-В2) былай екен (*1-кесте; талдау И.Календероглы еңбегінен алынған*). И.Календероглы (İhsan Kalenderoğlu) мен Х.Арслан (Hatice Arslan) түрік тілін үйретуге арналған құралдағы эмоцияны 21 топқа жіктейді. 1-кестеде берілген ақпарат бойынша *Yedi İklim Türkçe* құралында ең көп орын алған эмоциялар қатарында реніш (77), қуаныш (51), ұнату (42) және таңғалыс (37) болғанын байқаймыз. Сондай-ақ жалыну (3), мән



бермеу (3) эмоциялары ең аз қолданылғандар қатарында. Бұл тіл үйрету құралындағы негізгі деңгейге арналған кітаптарда барлығы 163, орта деңгейде 295 эмоциялық сөздер берілген.

1 кесте -Түрік тілін оқытуға арналған құралдардағы эмоцияны білдіретін бірліктер

Эмоциялық күй	Сүйініш	бақыт	таңғалыс	өкпе	реніш	қорқыны	ұнату	ұялу	толқу	қызығу	жалығу	қысылу	мазасызд	қайғы	шаршау	жұбаныш	мақұлдау	Бас тарту	ескеруг	жалыну
A1	3	10	8	0	4	1	7	2	3	5	1	2	1	1	1	4	5	0	0	0
A2	1	10	9	4	7	2	15	0	2	9	6	4	7	5	4	4	9	4	3	0
B1	3	18	12	4	34	2	10	4	3	11	1	3	7	5	2	13	6	2	2	1
B2	3	13	8	10	32	1	10	77	2	5	2	13	4	6	5	14	9	0	3	2
Барлығы	10	51	37	18	77	6	42	13	10	30	10	22	19	17	12	35	29	6	8	3

Ғалым бұл құралмен қоса, Yeni Hitit Yabancılar İçin Türkçe seti (Йени Хитит шетелдіктерге арналған «Түрікше» кешені), Gazi Üniversitesi Yabancılar İçin Türkçe seti (Гази университеті шетелдіктерге арналған түрікше), İstanbul Yabancılar İçin Türkçe seti (Істамбұл шетелдіктерге арналған түрікше) құралдарындағы эмотивті лексиканы қарастырады. Жалпы нәтижелерін салыстырар болсақ, Yeni Hitit құралдарында эмоциялық лексиканың барлық қолданыс жиілігі жағынан 755 эмотивті бірлік қолданыс тапса, негізгі деңгейде 240, орта деңгейде 515 эмотивті лексика кездестірілген. Gazi Üniversitesi тіл үйрету құралдарында негізгі деңгейде 156, орта деңгейде 274 эмотивті лексика қолданылса, İstanbul шетел азаматтарына арналған құралдардың негізгі деңгейінде барлығы 443, соның ішінде негізгі деңгейде 157, орта деңгейде 286 бірлік қолданыс тапқан. Түрікше үйрету құралдары 21 эмоциялық күй топтарына бөлініп, қолданыс жиілігі тұрғысынан зерделендігінде, ең көп қолданыс тапқан эмоциялық лексика Yeni Hitit болып шығады. Ал эмотивті лексиканың мағыналық жағынан ең көп орын алған реніш (332), ұнату (264), қуаныш сезімдері (230) болғандығын байқаған екен.

Жұмысымыздың нәтижесін тұжырымдар болсақ, тіл үйренуші тұлғаның тұлғалық эмоциялық аймағын зерттеу, эмоционалды интеллектіні дамыту жолдарын тиімді қолдану, эмотивті лексиканы дұрыс үйрету – педагогикалық және дидактикалық тұрғыдан өз эмоциясын басқара білетін, эмотивті коммуникацияға шебер тұлға қалыптастырудың негізгі көрсеткіштері болып табылады. Сол себепті тіл құралдарында және күнделікті білім беру үдерісінде тұлғаның ішкі күйін тану, сөз түсіну және өз ойын дұрыс жеткізе білуге байлу ісі – қазіргі заманғы өзекті мәселелер қатарында тұрмақ.

Жұмысымыздағы талданған мәліметтерді қорытындылай келе, өзге тілдердегі оқу құралдарында басты назарға алынатын «эмотивті» лексиканың тіл

үйретуде үлкен рөл атқаратынын байқадық және сол тиімділіктің қазақ тілін оқытуда да басты назарда болу керек деген тұжырым жасаймыз.

### **Қорытынды**

Тіл үйрету құралдарын салыстыру нәтижесінде қазақ тілін шет тілі ретінде үйретуде тілдің эмотивті әлеуетін көрсету, оны оқыту процесінде тиімді қолдану сынды амал-тәсілдердің әлі де қолданылу керектігін байқаймыз. Эмотивті лексиканы жиі қолдану шеттілді азаматтарға тілді жеңіл қабылдап, сондай-ақ еркін тілдік қатынас жасауға көмек беретін, әр тілдің ұлттық-мәдени сипатын тез сіңіруге дәнекер болатын құрал ретінде пайдаланған тиімді деп ойлаймыз.

Тілдік қарым-қатынас жасауда тіл үйренуші тілдік кодты ауыстырып қана қоймайды, сонымен қатар сөйлеуші ретінде қарым-қатынасқа түсіп, эмоционалды және мағыналық доминанталарды ауыстырып, коммуникативтік мінез-құлықтың басқа схемаларын іске асырады және басқа когнитивтік кеңістікке кіреді. Сондықтан да өзге тілді тұлға қазақ тілін оқу барысында *синергия феномені* орын алады. Өйткені екі тіл, екі мәдениет түйісу үдерісінде өмір сүру мен коммуникативтік тұлғаның іске асуының өзінің икемділігімен, кеңдігімен, әрі қарай трансформациялануымен ерекшеленетін жаңа когнитивті-эмоционалды, лингво-мәдени кеңістік пайда болады. Осындай тіларалық және мәдениетаралық коммуникация үдерісінде адам мүлдем өзге дискурсқа кіреді, ал тілді оқыту тек қана тілдік кодты беруге, узусқа ғана бағдарланады, ал дискурсивтік ойлау қалыптастыру кенже қалып отыратын үдеріс болып қалады.

Қазақ халқының эмоциялық күйін түсіндіру болмысын және сол эмоциялық тілдік байлығын бейнелейтін мәдени тіл бірліктеріне (одағайлар, мақалдар, мәтелдер, тұрақты тіркестер) оқу құралдарында, жалпы кітаптарда бұрынғыдан да көбірек мән мен орын беріліп, оқушылардың сөздік қазынасын дамыту және оқушылардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерді сол арқылы өз бойына сіңіруіне жол аша аламыз.

### **ӘДЕБИЕТ**

[1] Arslan H. Türkçenin yabancı dil olarak öğretiminde duygu durumu ifadelerini öğrenilme düzeyleri. Yüksek lisans tezi. Gazi üniversitesi. Ağustos, 2017. – 130 s.

[2] Hacizade N. Bilişsel Dilbilim açısından duyguların dili, Çizgi Kitabevi, 2012. – 214 s.

[3] Yeşilyurt Ş. Türkçenin yabancı dil olarak öğretiminde duygu durumlarını yansıtan kısa filmlerin oluşturulması ve öğrenci başarısına etkisi. Doktora tezi. Gazi üniversitesi. – 1 temmuz, 2016. - 238 s.

[4] Коврижкина Д.Г. Роль эмоций в обучении иностранных студентов устной речи. Лингвистика и межкультурная коммуникация. – Выпуск. - № 13. - 2014. – С. 62-66.

[5] Иманалиева Ғ.Қ. Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 255 б.

[6] Кереймаганбетова Ж.Н. Эмоционалды интеллекті дамуының алғышарттары. Кіру режимі: URL: [http://www.rusnauka.com/3\\_SND\\_2018/Psihologia/7\\_230867.doc.htm](http://www.rusnauka.com/3_SND_2018/Psihologia/7_230867.doc.htm) [Қаралған күні: 12.07.2022]

[7] Шевчик Е.Е. Обучение студентов пониманию эмотивной лексики в процессе чтения художественных текстов: английский язык как дополнительная специальность. - Нижний Новгород, 2009. – 156 с.

[8] Шаховский В. И. Лингвистика эмоций: основные проблемы, результаты и перспективы // Мир лингвистики и коммуникации: электронный научный журнал. - 2008. - Т. 1. - № 10. - С. 8-12 с. - Режим доступа: URL: [http://tverlingua.ru/archive/010/2\\_10.htm](http://tverlingua.ru/archive/010/2_10.htm) [Дата обращения: 11.07.2022]

[9] Меськов, В. С. Когнитивно-компетентностная парадигма образования / В. С. Меськов, А. А. Мамченко // Школьные технологии. – 2011. – № 3. – С. 46– 62.

[10] Kalenderoğlu İ., Arslan H. Türkçenin yabancı dil olarak öğretiminde kullanılan ders kitaplarında duygu bildireni ifadeler. // Yüzyılda Eğitim ve Toplum. - 2017. - Cilt 6. - Sayı 17. – S. 503-521.

[11] Досмамбетова Г.К., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Сейсенова А.Д.. Қазақ тілі. Қарапайым деңгей. - Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2016. – 268 с.

[12] Досмамбетова Г.К., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Хазимова Ә.Ж., Салыхова Б.О. Қазақ тілі. Базалық деңгей. Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2016. – 320 б.

[13] Бозбаева-Хунг А.Т., Балабеков А.К., Досмамбетова Г.К., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж. Қазақ тілі: Орта деңгейге арналған оқулық. – Астана: 2017. – 340 б.

[14] Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Досмамбетова Г.К., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж. Қазақ тілі: Ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. – Астана: 2017. – 340 б.

[15] Құрманбаева Ш.Қ., Ахметова М.К., Мұқаметқали М.М. Қазақ тілі: Жоғары деңгейге арналған оқулық. – Астана: 2018. – 340 б.

## REFERENCES

[1] Arslan H. Türkçenin yabancı dil olarak öğretiminde duygu durumu ifadelerin öğrenilme düzeyleri. (Levels of learning of emotion state expressions in the teaching of Turkish as a foreign language). Yüksek lisans tezi. Gazi üniversitesi. - Ağustos, 2017. – 130 s. [in Turkish]

[2] Hacizade N. Bilişsel Dilbilim açısından duyguların dili. (The language of emotions from the point of view of Cognitive Linguistics). - Çizgi Kitabevi, 2012. – 214 s. [in Turkish]

[3] Yeşilyurt Ş. Türkçenin yabancı dil olarak öğretiminde duygu durumlarını yansıtan kısa filmlerin oluşturulması ve öğrenci başarısına etkisi. (The creation of short films reflecting the emotional states of teaching Turkish as a foreign language and its impact on student achievement) / Doktora tezi. Gazi üniversitesi. – 1 temmuz, 2016. – 238 s. [in Turkish]

[4] Kovrijkina D.G. Röl emosi v obuchenii inostrannyh studentov ustnoi rechi. Lingvistika i mejkülturnaia komunikasia. (The role of emotions in teaching foreign students oral speech). - Vypusk - 2014. - № 13. – S. 62-66. [in Rus.]

[5] İmanalieva Ğ.Q. Qazaq tilindegi emosionaldy qūrylymdar. (Emotional structures in the Kazakh language). – Almaty: Kazak universiteti, 2011. – 255 b. [in Kaz.]

[6] Kereimaganbetova J.N. Emosionaldy intelektı damuynyñ alğyşartтары. (Prerequisites for the development of emotional intelligence). - Kirw rejimi: URL: [http://www.rusnauka.com/3\\_SND\\_2018/Psihologia/7\\_230867.doc.htm](http://www.rusnauka.com/3_SND_2018/Psihologia/7_230867.doc.htm) [Qaralğan küni: 12.07.2022] [in Kaz.]

[7] Şevchik E.E. Obuchenie studentov ponimaniu emotivnoi leksiki v prosese chtenia hudojestvennyh tekstov: Angliski iazyk kak dopolnitelnaia spesiálnöst. (Teaching students to understand emotive vocabulary in the process of reading literary texts: English as an additional specialty). - Nizhniy Novgorod, 2009. – 156 s. [in Rus.]

[8] Şahovski V. İ. Lingvistika emosi: osnovnye problemy, rezültaty i perspektivy (Linguistics of emotions: main problems, results and prospects) // Mir lingvistiki i komunikasii: elektronnyi nauchnyi jurnal. - 2008. - T. 1. - № 10. - S. 8-12. Rezhim dostupa: URL: [http://tverlingua.ru/archive/010/2\\_10.htm](http://tverlingua.ru/archive/010/2_10.htm) [Data obrashcheniya: 11.07.2022] [in Rus.]

[9] Meskov V. S. Kognitivno-kompetentnostnaia paradigma obrazovania (Cognitive competence paradigm of education) / V. S. Meskov, A. A. Mamchenko // Şkölnye tehnologii. – 2011. – № 3. – S. 46– 62. [in Rus.]

[10] Kalenderoğlu İ., Arslan H. Türkçenin yabancı dil olarak öğretiminde kullanılan ders kitaplarında duygu bildireni ifadeler. [Emoticons that express emotions in textbooks used to teach Turkish as a foreign language]. //Yüzyılda Eğitim ve Toplum. - 2017. - Cilt 6. - Sayı 17. – S. 503-521. [in Turkish]

[11] Dosmambetova G.Q., Balabekov A.K., Bozbaeva-Hung A.T., Seisenova A.D. Qazaq tılı. Qarapaim deñgei (Kazakh language. Simple level). - Astana: Ұлттық testileu ortalyғы, 2016. - 268 b. [in Kaz.]

[12] Dosmambetova G.Q., Balabekov A.K., Bozbaeva-Hung A.T., Hazimova Ä.J., Salyhova B.O. Qazaq tılı. Bazalyq deñgei (Kazakh language. Basic level). -Astana: Ұлттық testileu ortalyғы, 2016. –320 b. [in Kaz.]

[13] Bozbaeva-Hung A.T., Balabekov A.K., Dosmambetova G.Q., Salyhova B.O., Hazimova Ä.J. Qazaq tılı: Orta deñgeige arnalğan oqulyq (Kazakh language: textbook for the secondary level). – Astana: 2017. –340 b. [in Kaz.]

[14] Balabekov A.K., Bozbaeva-Hung A.T., Dosmambetova G.Q., Salyhova B.O., Hazimova Ä.J. Qazaq tılı: Ortadan joғary deñgeige arnalğan oqulyq. (Kazakh language: textbook for the above-average level). – Astana: 2017. –340 b. [in Kaz.]

[15] Qūrmanbaeva Ş.Q., Ahmetova M.K., Mūqametqalı M.M. Qazaq tılı: Joғary deñgeige arnalğan oqulyq (Kazakh language: a textbook for the highest level). – Astana: 2018. – 340 b. [in Kaz.]

## **РОЛЬ ЭМОТИВНОЙ ЛЕКСИКИ В ОБУЧЕНИИ ЯЗЫКУ: ЭМОТИВНО-КОГНИТИВНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ**

\*Оспанова Д. Ж.<sup>1</sup>, Сагидолда Г.<sup>2</sup>, Новрузова Н.<sup>3</sup>

\*<sup>1</sup>докторант, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан, e-mail: dana.zhanabekkyzy@gmail.com

<sup>2</sup>д.ф.н., Евразийский Национальный университет им.Л. Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан, e-mail: asem963@mail.ru

<sup>3</sup>д.ф.н., Бакинский Славянский университет, Баку, Азербайджан  
e-mail: n.nurida@yahoo.com

**Аннотация.** Правильное усвоение элементов языка, часто используемых для выражения эмоций в повседневной жизни, во время речевого общения, играет важную роль в достижении результата. Эмотивные элементы и контексты, такие как междометия, фразеологические фразы, слова, пословицы, выражения эмоций и т. д., отражают культуру языка, нации, придают выраженную силу произношению, дают живой эффект коммуникации. Невозможность усвоения таких элементов представителями других языков создает трудности в передаче осмысления целенаправленной игры говорящего. В связи с этим, при языковом общении важно, как языковед воздействует на кого, используя слова или группы слов, соответствующие эмоциональному состоянию. В ходе исследований и анализа средств обучения языку, написанных в данном направлении, мы обнаружили, что психологические подходы к обучению языку, особенности эмоционального восприятия изучаемого языка, рациональное использование эмоциональных оттенков каждого языка для обучения языку способствуют достижению положительного результата. В целях приобретения опыта в разработке языковых средств уделялось большое внимание не только живущим русским, английским языкам, которые во многом стали основой и образцом для своей системы, но и турецким, которым в настоящее время уделяется большое внимание во всем мире. То есть на объект исследования были взяты лекционные книги турецкого языка и книги для обучения казахскому языку. Целью нашей исследовательской работы также является выявление роли эмоций, эмотивной лексики в обучении языку как иностранному, раскрытие его теоретической

сущности, демонстрация эмотивного потенциала слов, роли эмоционального интеллекта. Для этого мы посчитали необходимым сгруппировать эмотивы в средствах обучения языку, определить частоту употребления, сходство между двумя языками, межуровневые связи, лексический характер. Тем самым были достигнуты выводы и результаты анализа относительно быстро и легко воспринимаемых путей обучения казахскому языку по практике других языков и значимости внимания к эмоциональности. Также, рассматривая эмоциональный интеллект как один из компонентов современных педагогов и изучающих язык, доказано, что достижения в развитии личности напрямую зависят не только от ее жизненного опыта, знаний, умений, но и от уровня эмоционального интеллекта.

**Ключевые слова:** эмоция, эмотивные слова, казахский язык как иностранный, методология, тюркские языки, эмотивно-когнитивная компетентность, лексика, обучение языку.

## **THE ROLE OF EMOTIVE VOCABULARY IN LANGUAGE TEACHING: EMOTIVE-COGNITIVE COMPETENCE**

\*Ospanova D. Zh.<sup>1</sup>, Sagidolda G.<sup>2</sup>, Novruzova N.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Doctoral student, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan, e-mail: dana.zhanabekkyzy@gmail.com

<sup>2</sup>Doctor of Philology, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan, e-mail: asem963@mail.ru

<sup>3</sup>Doctor of Philology, Baku Slavic University, Baku, Azerbaijan  
e-mail: n.nurida@yahoo.com

**Abstract.** Proper assimilation of language elements, which are often used to express emotions in everyday life, in language communication, plays an important role in achieving results. Elements that express emotions, such as conjunctions, phrases, words and emotions in context, reflecting the culture of the language and nation, add a certain strength to pronunciation, give a lively effect to communication. The inability to learn such elements by representatives of other languages creates difficulties in conveying the meaning of the intended speech of the speaker. In this regard, in language communication, it is important to understand how a language learner reacts to someone using words or groups of words that correspond to their emotional state. In the course of research written in this direction and the differentiation of language teaching tools, we found that psychological approaches to Language Teaching, features of emotional perception of the language learner, rational use of the emotional tone of each language for language learning have a special impact on achieving a positive result. In order to gain experience in the development of language teaching tools, special attention was paid to the tools of teaching not only Russian and English, which have become models in their system, but also Turkish, which are now widely used around the world. In other words, the subject of the study received lecture books on the Turkish language and books for teaching the Kazakh language. The purpose of our research work is to determine the role of emotives, emotive vocabulary in teaching a language as a foreign language, to reveal its theoretical essence, to show the emotive potential of words, the role of emotional intelligence. To do this, we considered it necessary to group the emotions in the language teaching tools, determine the frequency of use, similarities between the two languages, inter-level connections, and lexical nature. Thus, the results of the analysis and conclusions on the importance of teaching the Kazakh language in the practice of other languages, as well as on the importance of paying attention to emotionality were obtained. Considering emotional intelligence as one of the components of modern teachers and language learners, it is proved that achievements in the development of the individual are directly related not only to his life experience, knowledge, skills and abilities, but also to the level of emotional intelligence.

**Keywords:** emotive, emotive words, Kazakh as a foreign language, methodology, Turkic languages, emotive-cognitive competence, vocabulary, language learning.

*Статья поступила 14.09.2022*